

4.Мектепке дейінгі білім беру бойынша оқу-әдістемелік жұмыс

Қараөзек ОМ жанындағы "Балбөбек" шағын-орталығы 2008жылдың қараша айында ашылды. Шағын орталықтың тәрбиешілері келесі құқықтық құжаттарды басшылыққа алады: - ҚР Мемлекеттік жалпы білім беру стандарты - Нұсқаулық-әдістемелік хат - ҚР білім беруді дамыту тұжырымдамасы - "ҚР Білім туралы"Заңы.

Әдістемелік тақырып: «Инновациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың білімін жетілдіру».

Мақсаты:

- мектеп жасына дейінгі балаларды технологияларды қолдану арқылы жан-жақты дамыту;
- балалардың денсаулығын сақтау және нығайту;
- балалардың ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эстетикалық дамуы;
- ата-аналарға психологиялық-педагогикалық білім беру.

«Балбөбек» шағын-орталығында бір-неше замануи технологиялар қолдануда:

- 1) Асық терапиясы;
- 2) Мнемокесте әдісі;
- 3) В.Воскобович технологиясы;
- 4) Мөлдір Мольберт технологиясы;
- 5) Нейротехнология.
- 6) Ойын технологиясы;

Аталған технологиялардың бағдарламалары құрастырылды және іске асыруда.Осы технологиялардың элементтерін қолдана отырып,тәрбиешілер вариативтік компоненттің үйірме жұмысын жүргізледі және бекітілген Модельдің мақсаттарын іске асырылуда. «Күншуақ» тобының тәрбиешісі Солтан Меруерт «Сиқырлы математика», Мағзам Наргүл «Жас қаламгер».

«Қараөзек ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» жанындағы «Балбөбек» шағын орталығының 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарына және мектепалды даярлық сыныптың 2022-2023 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспарлары зерделеніп, талдау жасалды. 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында «Балбөбек» шағын орталығында (2-5 жастағы балалар) «Балбөбек шағын орталықта» 2 топ жұмыс істейды . Оқу жұмыс жоспарлары білім беру салалары және ұйымдастырылған оқу қызметі МЖМБС талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрылған, мектеп директорымен бекітілген.

2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында «Балбөбек» шағын орталығының «Күншуақ» ересек тобында оқу жүктемесі –12 сағат, вариативтік оқу жүктемесі – 2 сағат. Жалпы 14 сағатты құрайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20-25 минут құрайды. «Балапан» кіші тобында оқу

жүктемесі-9 .Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтылығы15-20

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепалды даярлық сыныпта оқу қызметінің жалпы саны аптасына 20 сағат және қосымша 4 сағат. Жалпы 24 сағатты құрайды. Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 25-30 минут құрайды.

Үлгілік оқу бағдарламасына сай жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары негізінде барлық ұйымдастырылған оқу қызметі оқу жұмыс жоспарында толық қамтылған.

«Балбөбек»шағын орталығының 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жұмыс жоспары берілді. Оқу жоспарында «Күншуақ» ересек тобында (4-5 жастағы балалар) «Балапан» кіші тобында (2-3 жастағы балалар) қамтылған.

2023-2024 оқу жылында мектепалды даярлық сыныптың оқу жүктемесі 20 сағат жүктемесін құрайды.

Мектепалды даярлық сыныбының перспективалық жоспары 1 Қыркүйектен 1 маусымға дейін 35 аптаға ұсынылды.

Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мазмұны «Денсаулық», «Қатынас» , «Таным»,«Шығармашылық»,«Әлеумет» білім беру салаларына негізделген және олардың әрекет түрлері бойынша ұйымдастырылған . «Балбөбек» шағын орталығының жылдық жұмыс жоспарынан оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу мүмкіндігі қарастырылған.

Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде перспективалық жоспар, циклограмма құрылған.

Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілген. Шағын орталықтың жылдық жұмыс жоспары ұсынылды, жоспарда әдістемелік мәселесі мен мақсаты берілген.«Күншуақ» ересек топ тәрбиеленушілерінің даму мониторингі ұсынылды. Мектепалды даярлық сыныбының 2021-2022 оқу жылына диагностикалық бақылауы ұсынылды. Мектеп алды даярлық сыныбының 2022- 2023 оқу жылының перспективалық оқу жоспары берілді. Педагог-психологтың 2023- 2024 оқу жылының жылдық жоспары берілді, жұмыс жоспарына жалпы білім беретін мектеп пен шағын орталық арасындағы сабақтастық жұмыстары енгізілді. Оқу үрдісі тәрбиеленушілердің жеке және жас ерекшеліктерін ескеріліп, ұйымдастырылды.

Перспективалық жоспар балалардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оларды тәрбиелеу, оқыту және дамыту бойынша білім беру міндеттерін қарастырған . Перспективалық жоспарға негіз болатын өтпелі тақырыптар ұсынылған, . Перспективалық жоспар мен циклограммадағы тақырыптар өз ара үйлесімді және білім беру салалары өз ара кіріктірілген.

Топтарда «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша тәрбие мен оқытудың мазмұны түрлі оқу қызметіне кіріктірілген. Циклограмма перспективалық жоспарға сәйкес әр аптаға құрылып, балаларды қабылдаудан бастап, мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі, балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібіндегі барлық Процестердің орындалуын қамтамасыз етілген. Циклограмма 2021 - 2022, 2022-2023оқу жылына толық, 2023-2024 оқу жылына қыркүйек–ақпан аралығында ұсынылған.

